

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған  
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ

Бекітемін  
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға  
арналған музыкалық мектеп-интернат»  
Кешені» ММ-нің басшысы  
С.Қ. Сыздықов  
2018 ж. « 14 » 09



**Халық аспаптар (орыс)  
білім беру бағдарламасының  
сапасын қамтамасыз ету  
саясаты**

Павлодар 2018

**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ** жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ-де Павлодар облысында кәсіби музыкалық білімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін бірізділік қағидаларынан құралған әрдеңгейлі модульдерден тұратын жұмыс жүйесі қолданылады.

**Халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты Кешені сапасын қамтамасыз ету саясатына сай** және сапаны қамтамасыз ету қағидаларын енгізе отырып, білім беру мен оқыту қатынасында жалпы бағдар береді, білім беру саласында Кешенің стратегиясына және сапа мен Кешенің білім беру бағдарламасын әрі қарай қамтамасыз етуге бағытталған күштерге сәйкес келеді.

### **Білім беру бағдарламасының бағдары**

Білім алушылардың, білім беру бағдарламасының оқытушыларының, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың мүддесінде жеке тұлға мен қоғамның рухани-құндылықты сұраныстары бағытында кадрлар даярлау жүйесінде жұмыс істейтін заманауи оқу инфрақұрылымының икемді жүйесі бар ашық ақпараттық оқыту орта болу.

### **Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты**

Өзінің болашақ мамандығына өзін өз бетінше, табысты және шығармашылықпен жүзеге асыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған орыс халық аспаптарында музыкалық білім беру саласында педагогикалық дәстүрлер, бірегей бағдарламалар және орындаушылардың заманауи әдістемелері негізінде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметтерін енгізуге және ілгерілетуге ықпал ету.

### **Білім беру бағдарламасының миссиясы**

Студенттерге теориялық, практикалық білім, кәсіби дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін оқыту, ғылыми, шығармашылық қызметтің бірізділігі арқылы білім беру бағдарламасы түлектердің жалпыға танылуын қамтамасыз ететін әлемдік стандарттарға сай орындаушы музыканттарды кешенді дайындау бойынша білім беру алаңын жасай отырып білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды оқыту.

### **Құндылықтар**

Білім	Патриотизм
Руханият	Академиялық адалдық
Кәсіпқойлық	Инновациялылық
Бәсекеге қабілеттілік	Креативтілік

### **Сапаны қамтамасыз ету қағидалары**

1. Халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саясаты сапаны қамтамасыз ету мен білім беру бағдарламаларының дамуына қатысты барлық негізгі қатысушылардың болуы жағдайында іске асады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібилігіне, диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді.

3. Сыртқы мүдделі тараптар тұрақты негізде үрдіске қатысады және сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

4.Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін саясатты түсіндіру, нақты міндеттерді енгізу, міндеттерді айқын бөле отырып барлық деңгейдегі үрдіске қатысушыларға тиісті рәсімдер мен ережелерді ілгері бастыру үрдісі жүзеге асырылады.

5. Сапа жүйесі Халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік - барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

6.Білім беру бағдарламасының кадрлық құрамы, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибе, педагогикалық және тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

### **Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары**

1. Үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін, бәсекеге қабілеттілігін, қарым-қатынас құзіреттілігін қамтамасыз ететін сабақтастық (музыкалық мектеп – интернат – музыкалық колледжі) қағидаларынан құралатын Халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасының сапалы білім беру қызметін қамтамасыз ету.

2. Білім алушыларға құзіретті, мобилді және еңбек нарығында тұррақты болуға көмектесетін негізгі және кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру, бұл аймағымызды білікті мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға, әртүрлі бағыттағы және жанрлардағы орыс халық аспаптарда орындауды танымал етуге бағытталған білім беру бағдарламасы қатысушыларының белсенді концерттік – орындаушылық, конкурстық қызметі.

4. Республикадағы жаңа түрдегі музыканттарды дайындаудың жақсы жүйесін сақтауға көмектесетін, білім беру үдерісінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін аймақтық, республикалық, халықаралық музыкалық жобаларға, конференцияларға, шебер сыныптарға қатысу.

5. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес мүдделі жақ талаптарын өзгерте алатындығын есепке ала отырып, білім алушылардың кәсіби музыкалық дайындығына бағытталған білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру бағдарламасын жаңарту.

6. Оқу үдерісінде инновациялық, музыкалық-компьютерлік технологияларды жаңару жүйесі және заманауи сапалы білімді алу кепілі ретінде пайдалану.

7. Білім беру мазмұнының жаңаруы және үдеріс қатысушыларының жоғары танымдық деңгей ортасын құру негізінде оқу үдерісінің қарқындау жолын пайдалану, жасау, әзірлеуге бағытталған халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасы оқытушыларының әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту.

8. Өзекті оқу-әдістемелік мәселелерді шешудегі музыкалық білім беру мен мәдениет саласындағы ұйымдармен өзара әрекет ету, озат педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату, танымал ету, оқу мақсатында кәсіби бағытталған бірыңғай ақпараттық оқу-әдістемелік кеңістікті жасауда көшбасшы болу.

9. Білім беру бағдарламасының білім алушылары мен педагогтарын әлеуметтік қорғауын қамтамасыз ету.

### **Халық аспаптар (орыс) білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойынына алады:**

- осы саясатты барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;

- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;
- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Халық аспаптар» (орыс) бөлімінің  
отырысында қаралды  
2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама